

Дәріс 1. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық әдіснамалық негіздері

Жоспар:

1. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның мақсаты мен міндеттері
2. Виктимділік», «виктимизация», «құрбандар», «жәбірленуші» ұғымдарының түсінігі
3. Тұлғаның виктимділікке айналуының факторлары және әлеуметтенуі

Әлеуметтік виктимология ғылыми бағыт ретінде өткен ғасырдың ортасында пайда болды. Бұл мәселе адамның қоғамдағы әлеуметтенуіне тигізетін теріс әрекеттердің салдары болып табылады. Виктимология сөзбе-сөз мағынада "жәбірленуші туралы ілім" дегенді [латын тілінің *victimia* — жәбір (құрбан), грек тілінің *Logos*-ілім сөздерінен шыққан] білдіреді.

Әлеуметтік виктимологияның шығуы (Б.Мендельсон, Г.Гентинг) теорияларына сүйенетін болсақ, адамның әлеуметтену субъектісі және объектісі болғандығымен сипатталады. А. В. Мудриктің ойынша әлеуметтену үдерісі адамның қоғамға бейімделуінің тиімділігімен байланысты.

Жәбірленушіні зерттеумен айналысатын ғылым виктимология деп аталады. Тар мағынасында виктимология немесе криминалдық виктимология деп қылмыс жәбірленушісін зерттеу деп түсіну қажет. Жәбірленуші болушылық немесе құрбандық — бұл адамды қылмыс құрбанына айналуға бейім етуі мүмкін физикалық, психикалық және әлеуметтік ерекшеліктері мен белгілері. Виктимизация — жәбірші (құрбан) болушылықты игеру үдерісі.

"Қылмыс құрбаны" ұғымы "зардап шегуші" ұғымына қарағанда кең. Қылмыс құрбаны — заңды түрде зардап шегуші деп мойындалғанын немесе мойындалмағанына қарамастан, заң бұзушылық әрекеттен моральдық, физикалық немесе мүліктік зиян көрген кез келген адам. Басқаша айтқанда, "жәбірленуші" — виктимологиялық ұғым, "зардап шегуші" — қылмыстық-процессуалдық ұғым. Бұл ұғымдар өзара сәйкес келмеулері мүмкін. "Жеке тұлғаның құрбан болуы ... қылмыстық әрекетпен жасалғаннан басқа, дәлірек айтқанда, белгілі бір жағдайларда қылмыс құрбаны болуға қабілеттілік, немесе, басқа сөзбен айтқанда, объективті түрде мүмкін болған жағдайдың өзінде болдырмауға қабілетсіздік".

Индивидуалды құрбан болушылықты анықтайтын жеке тұлғалық қасиеттердің маңыздылық дәрежесі мен сипаттамаға сүйеніп, құрбанды бірнеше түрлерге бөлуге болады:

1. Әмбебап түрі. Бұл түрге олардың қылмыстың әр алуан түрлеріне қатысты потенциалды осалдығын анықтайтын, айқын көрінетін белгілері бар адамдар жатады. Бұл құрбандық бейімділіктер иелері, аталмыш бейімділіктері әртүрлі қылмыс жағдайында жүзеге асуы әбден мүмкін. Бұл түрге жататын құрбандар өздеріне тән құрбандық мінез-құлық белсенділігімен де, енжарлықпен де сипатталады.

2. Іріктеуші түр. Бұл түрге жәбірленушілердің кейбір түрлеріне қатысты жоғары осалдығы бар, олардың субъективті және объективті сипаттамаларын ескеретін адамдар жатады. Құрбандардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша саралау:

- + жыныстық ерекшелік бойынша;
- + жас ерекшелігіне қарай;
- + олардың рөлдік мәртебесіне байланысты;
- + олардың қылмыскерге көзқарасына байланысты;
- + келтірілген зиянға байланысты;
- + өнегелік-психологиялық белгілер бойынша;
- + келтірілген зақымның түрі мен еселігі бойынша;
- + қылмыстың ауырлығына байланысты;
- + "кінәнің дәрежесіне";
- + олардың мінез-құлық сипаты бойынша.

Қылмыстың жәбірленушісі болу ықтималдылығының дәрежесін бекіту және оның түрлерін анықтау тиісті органдардың ықтимал жәбірленушілерді іздеп табу және олармен жағымды белгілер мен қасиеттердің қалыптасуына септігін тигізетін жеке алдын алу жұмыстарын жүргізу, жағымсыз жекетұлғалық қасиеттерді түп тамырымен жою бойынша істейтін әрекеттерін жеңілдетеді.

Жәбірленушінің жағымсыз мінез-құлқы – бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер болатын әрекеті не әрекетсіздігі:

- адам мас күйінде адамсыз жерлерде ұйықтап қалып, тонау мен қарақшылықтың жәбірленушісіне айналатын жағдай; ол күйінде, әлбетте, қылмыскерлерге қарсылық көрсете алмайды;
- адам мас күйінде қылмыскердің оңаша жерге шығу туралы ұсынысына келісіп, діттеген жердегі кінәлінің сыбайластарына ұрынатын жағдай; көп адамға қарсылық көрсете алмайды;
- адам өзіне жаңа таныстарды белсенді түрде іздеп, оларды өз үйіне шақырып, спирт ішімдіктерін ішіп, қылмыс жәбірленушісіне айналады; әрине, мас күйінде қарсылық көрсете алмайды;
- адам есік қағып тұрған адамның кім екендігін анықтамай немесе оның айтқан өтірігіне иланып, есік ашып, сол жерде шабуылға ұшырайтын жағдай;
- қылмыскерге сенгендігінен қаражат туралы ақпараттарды айтып немесе ақша тұрған жерлерді көрсететін жағдай;
- адам өзін бай етіп көрсетіп, бай адам есебінде әсер қалдырып, қылмыскерлердің назарын аударып алатын жағдай;
- адам қарақшыға не тонаушыға қарсылық көрсете алатын мүмкіндігі бола тұра қорқақтық танытып, қылмыскерлерге орай туғызатын жағдай.

Жәбірленушінің мінез-құлқының сипатына қарай:

1) **белсенді жәбірленушілер** – қылмыскерді өздері қоздырмағанмен, оған көмектесуші: саналы қоздырушылар, абайсыз қоздырушылар т.б.

2) **бастамашы жәбірленушілер** – жалпы мінез-құлқы жағымды сипатта болғанмен, осы әрекеті өзіне зиян келтіруге әкеп соғады: лауазымына қарай, қоғамдағы жағдайына қарай, жеке қасиеттеріне қарай бастамашы болып табылатындар.

3) **Бәсең жәбірленушілер** – әр түрлі себептермен қылмыскерге қарсылық көрсетпейтін құрбандар: қарсылық көрсетуге объективтік қабілетсіз, қарсылық көрсетуге объективтік қабілетті.

4) **Бейтарап жәбірленушілер** – қай жағынан келсең де мінез-құлқы мінсіз жәбірленушілер: ешқандай да жағымсыз кейіпте болмаған және жәбірленуші ситуацияны сыни бағамдай алған.

5) **Бағамдай алмайтын жәбірленушілер** – өмір жағдайын дұрыс, сыни көзбен бағалай алмайтындар: білім деңгейі төмен, ақылы кем, кәметке толмаған, қариялар, сырқат құрбандар. Сол сияқты осы топқа ешқандай жастығы, ауытқушылығы және сырқаты болмаса да бағамдай алмайтындар бар.

Әдебиеттер

1. Айтбаева А. Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: оқу құралы.- Алматы, Қазақ университеті, 2011.-165бет.
2. Журлова, И. В. Социально-педагогическая виктимология : курс лекций / И. В. Журлова – Мозырь :УО МГПУ им. И. П.Шамякина,2010.–172 с
3. Жұмағали А.Криминология:Оқулық.Алматы:«Нур-Пресс»,2005. – 90б .

Дәріс 2. Виктимологияның түрлері,көп аспектілігі. Г.Гентинг, Б.Мендельсон, Э.Сатерленд, Г.Элленбергер және т.б теориялары

Жоспар:

1. «Виктимология» ұғымы туралы түсінік, теорияларға сипаттама
2. Виктимологияның қоғамдық құбылыс және әлеуметтік бағыт ретіндегі түрлері

Адам өмірі қай заманда болмасын философиялық мағынада әлеуметтік қажеттіліктердің өмір сүру формаларына сәйкес «бар-жоқ», «ақ-қара», «жақсы-жаман» сияқты үш түрлі сандық және сапалық критерийлерден тұрған. Олар өз кезегінде өмір, сана, тіршілік қажеттілік сияқты категориялардың сабақтастығында әр түрлі әлеуметтік жағдайларда көрініс тапқан. Виктимология ғылым ретінде әлеуметтану, педагогика, психология, физиология ғылымдарының интеграциясында криминология ғылымынан бөлініп шыққан ғылымының жаңа бір саласы.

Жәбірленуші болушылық немесе құрбандық-бұл адамды қылмыс құрбанына айналуға бейім етуі мүмкін физикалық, психикалық және әлеуметтік ерекшеліктері мен белгілерне байланысты болады.

Бірақ осы ілімнің табиғаты туралы ғылымда пікір алуандығы да жоқ емес. *Бұл туралы үш түрлі көзқарас бар:*

- 1) Виктимологияны криминологияның саласы деп есептейтіндер;
- 2) Виктимологияны криминологиямен қатар өмір сүретін салааралық ғылым деп санайтындар;
- 3) Виктимологияны жалпы барлық құбылыстардың құрбандары туралы ғылым деп санайтындар.

Осы көзқарастардың қай қайсысы болса да заңды және өмір сүруге құқығы бар. Мысалға, оны криминологияның ғана саласы деп есептейтін алғашқы пікірдің қалыптасуы виктимологияның дәл қазір тек қана криминологияның құрылымында (және өзге ешқандай да ғылымға қатысы жоқ) тұруымен түсіндіріледі. Әлбетте, тақыр жерден ғылым пайда болмайды, ол өзге ілімнің қоластынан белгілі бір қажеттіліктер туындағанда бұр жарып шығады. Сол сияқты виктимология саласының пайда болуы да қылмыстылықтың себебін анықтау мен оның алдын алу үшін тек қылмыскерлерді емес, оның құрбандарын, яғни жәбірленушілерді де зерттеу қажеттілігінен туындаған.

«Қылмыс құрбаны» ұғымы «зардап шегуші» ұғымына қарағанда кең. Қылмыс құрбаны- заңды түрде зардап шегуші деп мойындалғанына немесе мойындалмағанына қарамастан, заң бұзушылық әрекеттен моральдық, физикалық немесе мүліктік зиян көрген кез келген адам. Басқаша айтқанда, «жәбірленуші»-виктимологиялық ұғым, «зардап шегуші»-қылмыстық-процессуалдық ұғым. Бұл ұғымдар өзара сәйкес келмеулері мүмкін. «Жеке тұлғаның құрбаны болуы... қылмыстық әрекетпен жасалғаннан басқа, дәлірек айтқанда, белгілі бір жағдайларда қылмыс құрбаны болуға қабілеттілік, немесе, басқа сөзбен айтқанда, объективті түрде мүмкін болған жағдайдың өзінде болдырмауға қабілетсіздік". Бұл жағдаятқа және адамның снасына байланысты.

Виктимология мынандай салалардан тұруы ықтимал:

- криминалдық виктимология немесе криминологиядағы виктимология (қылмыс құрбандарын зерттейтін сала);
- травмалдық виктимология – криминалдық емес травматизмді зерттейтін сала;
- психиатриялық виктимология – психикалық ауытқығандарды олардың өздері қосқан үлесті ескере отырып, зерттейтін сала;
- катастрофалардың, экологиялық және табиғи апаттардың виктимологиясы;
- техникалық қауіпсіздік виктимологиясы (еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін т.б. бұзумен байланысты виктимдік мінез-құлықты зерттейтін сала);
- саяси жүйе виктимологиясы. Саяси жүйе құрбандарын зерттейді;
- құрбандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бағдарламалары мен шаралары, виктимологиялық профилактиканың жүйесін ұйымдастыру.

Салыстырмалы тұрғыда, виктимология өз алдына жеке ғылым ретінде тек 1947 жылдан кейін ғана пайда болды (Л.В.Франк). Қылмыстық виктимологиялық аспектілері бірнеше көрнекті жазушылардың

туындыларында анық көрініс тапқан: Ф.М.Достоевскийдің «Ағайынды Кармазовтар», Ф.Верфельдің «Өлтіруші емес құбан кінәлі», Л.Франктің «Себен» және басқалардың туындылары.

XIX ғасырдың соңында-XX ғасырдың басында құрбан тақырыбы әдебиетшілердің ғана емес, заңгерлердің, психологтардың және криминологтардың шығармаларында айқын көрініс тапты.

Виктимологияның пайда болуы неміс ғалымы *Ганс фон Гентингтің* есімімен байланысты. Ол қылмыскерлердің нақты санаты мен жәбірленушілердің нақты түрлерінің арасындағы тәуелділік туралы идеяны ұсынды [«Қылмыскер және оның құрбаны», 1948]. Аталған тақырыпты алғашқы ашушылардың ішінде-Ф.Т.Джас [«Өлтіру мен оның мотивтері»], ал 1958 жылы М.Е.Вольфганг «Өлтірудің түрлері» атты еңбек жариялады. Бұл еңбекте ғалым көптеген зерттеулерінің нәтижелерін қорытып, өлтірушілердің өздерінің құрбандарымен қарым-қатынасы кезінде қалыптасатын жағдаяттардың түрлерін анықтады. Алаяқтық, қарақшылық шабуылдар, азаптау, бұзақылық, зорлау және тағы кейбір түрлері секілді қылмыстардың виктимологиялық аспектілері ғалымдардың назарын өзіне аударды. 1967 жылы израилдық ғалым Менашем Амир зорлау барысында туындайтын жағдаяттарды зерттеді [«Зорлау түрлері», 1971 жыл].

Қазіргі виктимология бірнеше бағытта *жүзеге асады*:

- 1) Әлеуметтік қауіпті көрініс құрбаны құбылысын, оның социумға тәуелділігін және басқа әлеуметтік институттар және үдерістермен өзара байланыстарын суреттейтін виктимологияның жалпы «фундаменталды» теориясы.
- 2) Орта деңгейлі және виктимологиялық теориялар (криминалдық виктимология және басқалар)
- 3) *Қолданбалы виктимология* –виктимологиялық техника (эмпирикалық талдау, жәбірленушімен алдын алу жұмысының арнайы техникасын, әлеуметтік қолдау технологиясын, қайта қалпына келтіру және орнын толтыру механизмдерін, сақтандыру технологияларын жасау және енгізу, тағы басқалар)

Дәріс 3. Виктимологияның басқа ғылымдармен байланысы.

Әдіснамалық тұрғылар мен ұстанымдар (тұлғалық, әлеуметтік-құрылымдық, қылмыстық, әлеуметтік детерменизм т.б.)

Жоспар:

1. Виктимологияның ғылымдар жүйесіндегі орны
2. Қоғамдық ғылымдармен байланысының танымдық мәні.
3. Әлеуметтік ғылымдардың виктимологиядағы сипаты

Философия барлық ғылымдардың бастауы болғандықтан, виктимология ғылымын философияның бір тармағы ретінде қарастырады. Философия табиғаттың, қоғамның жалпы даму заңдары туралы ғылым болғандықтан онда жеке тұлғалар өмір сүреді. Ол адамның қоғамға деген эстетикалық, адамгершілік, әлеуметтік құндылықтарын зерттейді. Адамның басқа адамдарға деген қатынасын, өзіне деген қатынасты, өз өмірінің қызметі және қорғанын зерттейді.

Виктимология **криминология** ғылымының бір саласы. Виктимология ғылымы осы криминологиядан бөлініп шығып, өз алдына дербес ғылым болып дамыды. Криминология (лат. *crimen/criminis* – қылмыс + гр. *logos* – сөз, ұғым, ілім) — қылмысты, оның себептерін, қылмыскердің жеке басын зерттейтін, сондай-ақ оның алдын алу шараларын жасайтын ғылым, яғни белгілі бір қылмыс нәтижесінде құрбандар немесе жәбірленушілер пайда болады.

Әлеуметтану - қоғамның қалыптасуы және даму заңдылықтары туралы ғылым. Әлеуметтану фактілерді, үдерістерді, қатынастарды, жеке тұлғалардың, әлеуметтану топтардың қызметін, олардың рөлін, мәртебесі мен әлеуметтану мінез-құлқын, олардың ұйымдарының институтын барлығын бір үлкен қоғам ретінде қарастырады. Онда әртүрлі адамдар тобы өмір сүреді және қарым-қатынас нәтижесінде әр түрлі жағдайлар болады және қоғамда қылмыстар жасалынып, қылмыс құрбандары және жәбірленушілер болады. Олардың қоғамдағы өмір сүру жағдайын, деңгейін қарастырады. Қоғамдық өмірдің және әлеуметтік-мемлекеттік қоғамдық негіздердің білімі – әлеуметтік әділеттілік тұжырымдамалардың және адамдарды әлеуметтік қорғаудың негізгі бағдарларының бірі.

Саясаттану сөзі ("политология") гректін, «политика" және "логос" деген сөздерінен шыққан, саясат туралы ғылым деген мағынаны білдіреді.

Басқа қоғамдық ғылымдардың ішінде саясаттанудың орны ерекше. Себебі, адамзат тарихында саясат негізгі рөл атқарды. Оның дұрыс-бұрыстығы адамдардың, халықтардың тағдырымен тығыз байланысты. Мысалы, мемлекет агрессиялық, яғни басқыншылық соғыс саясатын жүргізсе, оның салдары бірнеше жылдарға созылатын қайғы-қасіретке соқтыратыны даусыз. Осындай жағдайлардың салдарынан саяси құрбандар пайда болады немесе бір мемлекеттен басқа мемлекетке барып, сол жақта жәбірленушіге айналсаң да екі мемлекеттің саяси құрбаны боласың.

Әлеуметтік педагогика жеке тұлғаның белгілі бір әлеуметтік жағдайда қалыптасу процесі ретінде әлеуметтенуді зерттейді. Оның мақсаты профилактика, адамның қиын жағдайын зерттей келе, сол жағдайларды төмендету болып табылады. Әлеуметтік педагогика - жеке тұлғаның тәрбиесі мен қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсерін зерделейтін, әлеуметтік ораның нақты шарттарын есепке ала отырып жеке тұлғаға тәрбие беруін оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлейтін педагогиканың бір

саласы. Әлеуметтік педагогика тәрбиелеудің әлеуметтану мәселелерін, әлеуметтік-педагогикалық виктимология, және әлеуметтік тәрбие мәселелерін зерделейді. Адам әлеуметтену барысында көптеген жағдайлардың құрбаны болады. Сондықтан да виктимология әлеуметтік педагогикамен тығыз байланысты.

Психология - адамның жеке бірлік ретіндегі психикасын, өзінің сан-алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да туа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетін зерттейтін ғылым, кей-кезде адам мінез-құлығын зерттеу деп те анықталады. Тараулары теориялық және практикалық бағыттарды қарастырады, қолданбалы бағыттары да сан алуан: терапевттік, қоғамдық, кәсіпкерлік, кей ағдайда саясаттық және теологиялық. Психологияның негізгі мақсаты — психиканы субъективтік структураның, сыртқы ортаны байымдаумен, елестетумен жұптасқан айырықша іс-әрекеттің негізі ретінде зерттеу. Адам әртүрлі жағдайлардың құрбаны болғанда, мысалы, көлік апаты, жер су апаттары, зорлау және тағы басқа жағдайлардан алған психологиялық, психикалық мәселелерін зерттейтін, диагностикалайтын және түзететін білім саласы болып табылады. Қылмыс болған жерде жәбірленуші де, қылмыскерлер де болады. Қылмыты ашу барысында қылмыскердің де, қылмыс құрбанының да психологиялық жағдайын зерделе келе қылмыстың беті ашылады.

Дефектология (лат. defectus – жетімсіздік және гр. – ілім) – педагогиканың көру, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін арнаулы саласы. Дефектология төрт салаға бөлінеді: сурдопедагогика – мылқау балаларға, тифлопедагогика – зағип балаларға, олигофренопедагогика – ақыл-ойы кеміс балаларға, логопедия – тілінің кемісі бар балаларға білім және тәрбие беру проблемаларын зерттейді.

Дефектология, сондай-ақ дене кемістігі күрделі (соқыр және саңырау, саңырау және ақыл-ой кемістігі бар, т.б.) балаларды оқытып тәрбиелеуді де қамтиды. Бұл да адамдардың бір құрбандығы болып табылады.

4-дәріс. Әлеуметтік -педагогикалық виктимологиядағы негізгі түсініктер; құрбандықтың түрлері

Виктимдік ұғымына отандық ғалым І.Халитова өзінің «Әлеуметтік педагогика» еңбегінде «*Виктимділік – адамның құрбан болуға дайын тұруы немесе соған шалдығуға жақындығы*» - деп анықтама берген. Психологтар түрлі жағдайлар себебінен құрбан болушыларды үш топқа бөліп қарастырады. Олар:

✓ Бірінші топқа жатататындар өзінің құрбан болу себебін және өзінің қазіргі жағдайын мойындайтын адамдар жатады. Мысалы: қоғамдық әлеуметтік құбылыстар себебінен мүгедек болғандар.

✓ Озінің жағдайын мойындамайтындар және түсінбейтіндер жатады: маскүнемдер, нашақорлар, жезөкшелер және девиантты мінез-құлықты балалар.

✓ Үшінші топқа өзінің құрбан болу себебін басқалардан көретіндер жатады.

Виктимділік – өзіне тән қасиеттерге не атқаратын қызметіне байланысты тұлғаның қылмыс жәбірленушісіне айналып кету бейімділігі. Ол бейімділік оның өз мінез-құлқына да тәуелді бола алады немесе оған тәуелсіз объективті де өмір сүре алады.

Жәбірленушінің мінез-құлқының сипатына қарай:

1) Белсенді жәбірленуші – қылмыскерді өздері қоздырмағанмен, оған көмектесуші: саналы қоздырушылар, абайсыз қоздырушылар;

2) Бастамашы жәбірленуші – жалпы мінез-құлқы жағымды сипатта болғанмен, осы әрекеті өзіне зиян келтіруге әкеп соғады: лауазымына қарай, қоғамдағы жағдайына қарай, жеке қасиеттеріне қарай бастамашы болып табылатындар.

3) Бәсең жәбірленушілер – әртүрлі себептерімен қылмыскерге қарсылық көрсетпейтін құрбандар: қарсылық көрсетуге объективтік қабілетсіз, қарсылық көрсетуге объективті қабілетті.

4) Бейтарап жәбірленушілер – қай жағынан келсеңде мінез-құлқы мінсіз жәбірленушілер: ешқандайда жағымсыз кейіпте болмаған және жәбірленуші ситуацияны сыни бағамдай алған.

5) Бағамдай алмаатын жәбірленушілер – өмір жағдайын дұрыс, сыни көзбен бағалай алмайтындар: білім деңгейі төмен, ақылы кем, кәметке толмаған, қариялар, сырқат құрбандар. Сол сияқты осы топқа ешқандай жастығы, ауытқушылығы және сырқаты болмасада бағамдай алмайтындар жатады. Мысалы: кешқұрым уақытта өзіне өзгелердің ерекше назар салып қарауынан күдіктенбей, оны қалыпты жағдай деп қабылдаудың өзі қылмысқа әкеліп жататын жағдайлар бар.

Виктимділік дегеніміз – белгілі бір объективті және субъективті жағдайларға байланысты қылмыстық қол сұғушылық үшін адамдардың жоғары икемділігі. Бұл ойға қарсы пікір білдіріе отырып Л.В. Сердюк «виктимділік бұл икемділік» емес, «бейімділік» деп көрсетеді. Себебі ол болашақ жәбірленушінің барлық белсенді және енжар мінез-құлқын өз ішіне алады деп көрсетеді.

Сонымен қатар виктимология мәселелерімен тығыз айналысып жүрген ғалым Д.В. Ривман «виктимділікті – тұлға белгілі бір себептерге байланысты икемделмейді, керісінше тұлғаның виктимді болмауы мүмкін емес, адам қоғам мүшесі, ал қоғамда қылмыстылық жойылмаған, яғни адамның қылмыс құрбанына айналуының объективті мүмкіндігі жойылмаған» - деп айтады. Бұл пікірге сыни көзқараспен қарай отырып Л.В. Сердюк «әрбір адам қылмыс құрбанына айналу мүмкіндігімен кейбір адамдардың виктимдік мінез-құлқын шатастырмау керек» әйтпесе виктимділік өз мағынасын жоғартады. Әрине ешбір адам қылмыс құрбанына айналудан

сақтандырылмаған, бірақ олардың барлығы дерлік өздеріне қарсы қылмыстық қол сұғушылыққа септігін тигізбейді» - дейді.

Қоғамда қылмыстық әрекеттердің түрлі нұсқалары кездеседі. Соның бірі зорлықшыл қылмыстар. Зорлықшыл қылмыстардағы зардап шегушілердің виктимдік мінез-құлқы әрқилы болуы мүмкін дей отырып профессор Е.О. Алауханов оны үш топқа бөліп қарастырады:

Жәбірленушінің бейтарап мінез-құлқы – бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына қалай да болса әсер етпейтін, сондай-ақ қарсылық көрсетпеймен байланысты емес мінез-құлық түрі;

Жәбірленушінің жағымды мінез-құлқы – бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер болмайтын, жағдай туғызбайтын, сондай-ақ жағдайға қарай мұқият болуы және қылмыскерлерге қарсылық көрсететін мінез-құлқы;

Жәбірленушінің жағымсыз мінез-құлқы – бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер болатын әрекеті не әрекетсіздігі.

Виктимологиялық алдын-алу дегеніміз – адамдардың өз мінез-құлқына байланысты қылмыс құрбанына айналатынын ескертіп, олардың мінез-құлқын өзгертуді, тәуекелге бармауды ескертеді

«Виктимология» ұғымының типологиясы»



Виктимология сөзбе-сөз мағынада «жәбірленуші туралы ілім» дегенді [латын тілінің *viktima* — жәбір (құрбан), грек тілінің *Logos*-ілім сөздерінен шыққан] білдіреді. Жәбірленушіні зерттеумен айналысатын ғылым

Виктимологиялық ғылымның қалыптасуы мен даму тарихы

XIX ғасырдың соңында — XX ғасырдың басында құрбан тақырыбы әдебиетшілердің ғана емес, заңгерлердің, психологтардың және криминологтардың шығармаларында айқын көрініс тапты. Виктимологияның пайда болуы неміс ғалымы Ганс фон Хентингтің есімімен байланыстырылады. Ол қылмыскерлердің нақты санаты мен жәбірленушілердің нақты түрлерінің арасындағы тәуелділік туралы идеяны ұсынды ["Қылмыскер және оның құрбаны", 1948]. Аталған тақырыпты алғашқы ашушылардың ішінде — Ф.Т.Джас ["Өлтіру мен оның мотивтері"]

1958 жылы М.Е.Вольфганг "Өлтірудің түрлері" атты еңбек жариялады. Бұл еңбекте ғалым көптеген зерттеулердің нәтижелерін қорытып, өлтірушілердің өздерінің құрбандарымен қарым-қатынасы кезінде қалыптасатын жағдаяттардың түрлерін анықтады. Алаяқтық, қарақшылық шабуылдар, азаптау, бұзақылық, зорлау және тағы кейбір түрлері секілді қылмыстардың виктимологиялық аспектілері ғалымдардың назарын өзіне аударды.

1967 жылы израилдық ғалым Менашем Амир зорлау барысында туындайтын жағдаяттарды зерттеді ["Зорлау түрлері", 1971 жыл].

Ресейлік ғалымдар да (Ю.М. Антонян, А.П. Дьяченко, В.П. Коновалов, Л.Ф. Франк және басқалар) құрбан болушылықты зерттеуге белсенді ат салысты. 1972 жылы "Виктимология және құрбан болушылық" атты ғылыми монография жариялаған Лев Вольфович Франк кеңестік виктимологияның ақсақалы саналады. Л.В.Франктің ойынша, адамның мінез-құлқы қылмыстық қана болмайды, сонымен қатар оның құрбан болуына әкеліп соқтыруы мүмкін: қауіпті, аңғырт, ұяттан безген, арандататын, яғни өзі қауіпті болуы мүмкін.

Салыстырмалы тұрғыда, виктимология өз алдына жеке ғылым ретінде жақында ғана, тек 1947 жылдан кейін ғана пайда болды (Л.В. Франк).

Қазіргі виктимология бірнеше бағытта жүзеге асады:

«Фундаменталды» теория

1. Әлеуметтік қауіпті көрініс құрбаны құбылысын, оның социумға тәуелділігін және басқа әлеуметтік институттар және үдерістермен өзара байланыстарын суреттейтін

Орта деңгейлі жеке виктимологиялық теориялар

2. криминалдық виктимология шетін виктимология зақымды виктимология және басқалар

Қолданбалы виктимология

3. Виктимологиялық техника (эмпирикалық талдау, жәбірленушімен алдын алу жұмысының арнайы техникасын, әлеуметтік қолдау технологиясын, қайта қалпына келтіру және орнын толтыру механизмдерін, сақтандыру технологияларын жасау және енгізу, тағы басқалар).

Виктимология теориясының дамуы екі бағытта жүзеге асады

1. Құрбан болушылық пен виктимизацияның тарихын зерттейді, девиантты белсенділік формасы ретінде құрбан болушылық құбылысының салыстырмалы дербестігін ескере отырып, негізгі әлеуметтік өзгерістердің ауысуының ізінше олардың пайда болуы мен даму заңдылықтарын талдайды;

2. Жай-күйді орта деңгейлі теориялармен алынған мәліметтерді жалпы теориялық қорыту жолымен әлеуметтік үдеріс (құрбан болушылық пен қоғамның өзара әсерін талдау) және ауытқушы мінез-құлықтың индивидуалды көрінісі ретінде зерттейді.

5- дәріс. Әлеуметтік құрбандықтың объективті және субъективті факторлары. Тұлғаның әлеуметтенуіндегі қауіпті кезеңдер.

Әлеуметтік қатынастар субъектісі әрі әлеуметтік мәнді қасиеттердің иегері ретінде әрбір адам - жеке адам болып сипатталады. «Жеке адам» түсінігімен қатар біздің қолдануымызда «адам», «дара адам», «даралық» терминдері бірге жүр. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктерімен ажыратылады, бірақ бір – бірімен тығыз байланысты. Осылардың ішінде ең жалпыланған, көп қасиеттердің бірігуін – «адам» түсінігі қамтиды. Адам - өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғатпен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі. Тұлға - бұл басқа адамдардың арасында белгілі позицияны иеленетін қоғамдық іс - әрекеттің себепші субъектісі ретіндегі адам.

С. Немовтың көрсетуі бойынша, әлеуметтену дегеніміз бұл адамзатпен жасалған цивилизацияны индивидтің көп қырлы таным үрдісі, әлеуметтік тәжірибесін игеру, табиғи тіршілік иесіне қоғамдыққа ауысуы, индивидпен тұлға ретінде қалыптасуы .

Тұлғаның әлеуметтенуінің объективті факторлары біріншіден, әлеуметтенудің - мәдени, тарихи, ұлттық ерекшеліктерін қарастыратын әлеуметтік топ болса, екіншіден, белгілі бір деңгейде өмір жолының кезеңдерінде көрінетін жеке тұлғалық топ. Осы орайда В.Г.Крыско тұлғаның әлеуметтенуінің үш түрлі факторын ұсынды. Олар: микрофакторлар - отбасы,

микроэлеумет, тәрбие институттары, діни ұйымдар; мезофакторлар - этнос, аймақтық шарттар, мекені, қарым - қатынас құралдары; макрофакторлар - мемлекет қоғам ел және мәдениет.

Профессор Е.С.Кузыминнің тұжырымдамасы бойынша адамның элеуметтенуі тұлғаның элеуметтік – психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуындағы, оның негізгі қатынастарының көтеріліс беруіндегі, дамуындағы, негізгі бастау көзі болып келеді. Бұл қатынастар іс - әрекеттің мінез – құлықтық, танымдық, эмоционалды және ерік – жігерлік қортындыларды қамтиды. Ғалымдардың пайымдауларына сүйенсек, адамдардың элеуметтік – психологиялық мінездемелеріне байланысты тұлғаның ең негізгі құрылымдық компоненттері ретінде мыналар есептелінеді: сана; мінез; қабілет, интеллект, темперамент, тәжірибе, өзін - өзі бақылау

Субъективті фактор) эндогенді факторлар:

- Тұқым қуалаушылық
- Ата-ананың самотикалық денсаулығы
- Жүктілік кезінде ананың денсаулығы
- Ата-ананың денсаулық репродукциясы
- Сәбилік анамнез және ата –ананың репродукция функциясының қалыптасуы

(Объективті фактор) экзогенді факторлар:

- Жұмыс жасау жағдай факторлары
- Қоршаған орта факторы
- Социалды-экономикалық тіршілік көрсеткіштігі
- Мед.қызымет көрсету сапасы
- Тұрмыстық жағдайлар

Әрбір дара адам өзінің қоғамдағы өмірлік әдептерін реттеумен күнделікті тіршілік проблемаларын шешіп береді. Бірдей қиыншылық, кедергілердің шешімін әр адам өз әдіс, тәсілдерімен табуы мүмкін, яғни бұл оның өзіндік субъективті пікірі негізінде қалыптасады. . Осыдан, жеке адамды танып, білу үшін сол адамның алдында тұрған өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған принциптерін жете білу қажет.

Қоғамдық қатынастарға араласып және оларды басшылыққа ала отырып, адам сол қатынастардың ықпалында қалып қоймайды. Отандық психолог, профессор СМ. Жақыпов оқыту процесіндегі субъектілердің қарым-қатынасындағы мағыналардың өзгеруі біріккен іс-әрекеттің мотивтері мен

мақсатының заңды құрылуына мүмкіндік береді және оларды оқыту процесінде ескеру, біріккен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті шартты жасайтындығын ерекше атаған. Сонымен қатар білім алу барысында білім алушыға әсер ететін факторларды келесі бағытта қарастырды.

Әдебиеттер

1. Андреева Г. М. Психология социального познания: Учебник для вузов. Ведущий ред. Л. Н. Шипова. М: Аспект – пресс, 2000 – 288
2. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы: Білім, 1993 – 272 б
3. Рубинштейн С. Д. Жалпы психологияның негіздері, 2 басылуы, Москва, 1946 – 302 б

Дәріс 6 .Тұлғаның бейімделуі және бейімделе алмауы туралы психоаналитикалық, гумандық, когнитивтік теорияларға түсінік

Жоспар:

1. Әлеуметтік бейімделу және оның индикаторлары.
2. Г.Сельенің «Жалпы бейімделу синдромы» тұжырымдамасы
3. Тұлғаның құрбан болуын алдын-алу бойынша ұйымдастырылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар
4. Құрбандарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес берудің өзіндік ерекшеліктері

Әлеуметтік-педагогикалық виктимология әлеуметтік педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде адамдардың жағымсыз қылықтары мен құлқынан, не басқалардың кесірінен құрбандыққа душар болған себеп-салдарын және оны реттеу жолдарын зерттейтін ілім саласы.

Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияда қарастырылатын мәселелер:

- 1) Физиологиялық дамудың әр жас кезеңіндегі дене кемістігі бар, психикасы күйзелген, әлеуметтік күрделі ахуалдарға душар болған адамдардың қоғамға бейімделуін, қайта тәрбиеленуін, даму шарттарын зерттеп, оларға жәрдем беру мақсатын жүзеге асыруды көздейді;
- 2) Қоғамның теріс ықпал ететін тұстарын зерттеп, танып-білу арқылы оларды жою, азайту не болдырмау, оларды реттеу, қалыбына келтіру мүмкіндіктерін қарастыру, оның жолдарын, әдіс-тәсілдерін және жұмыс түрлерін анықтайды;
- 3) Құрбандық бейімді не соны жылдам қабылдап алатын сезімтал адамдардың типтерін, психикасын зерделеп, кімге қандай және қайтіп көмектесуге болатынын, соның соның жолдарын іздеп тауып, ақыл-кеңестер мен педагогикалық-психологиялық нұсқаулар береді;
- 4) Адам өзінің құрбандыққа шалынғанын қаншалықты дәрежеде сезінерін зерттеп, оларды болдырмай алдын алу шараларын белгілеп, болашақта

кедергілерге кездеспей, адам дамуына әлеуметтік-педагогикалық көмек беру;

- 5) Алдын алудың немесе профилактикалық жұмыстардың жалпы және арнайы принциптерін нақтылап, жұмыс мазмұны, мақсаты, міндеттері мен әдіс-тәсілдерін қайта қарастыру, оның жаңа жолдарын іздестіруді мақсат тұтады. Бұл мақсатты тәжірибеде іске асыру әлеуметтік педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлерге жүктеледі [2].

Тұлға әлеуметтенудің объектісі мен субъектісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтенудің құрбаны да болуы мүмкін. Нәтижелі әлеуметтену бір жағынан адамның қоғамдағы бейімделуіне алып келсе, екінші жағынан бір-біріне жағдайында сол адамның қоғамға қарсы тұруына алып келуге мүмкін. Осылайша әлеуметтанудың процесінде соңына дәл шешілмеген, әлі шешімін таппаған, адамның қоғамға бейімделу мен қақтығыс бар. Басқа сөзбен айтқанда, әсерлі әлеуметтену қоғамға бейімделу мен енудің нақты байланысын анықтайды. Қоғамға толығымен ықпалдаса алмайтын адам, яғни бейімделе алмаған да, *диссидент* құқық бұзушы немесе қоғамның өмір сүруінде ауытқыған адам болып саналады.

«Стресс» (ағылш. Stress – зорлану, күштену, қиналу) деп қоршаған ортаның кез келген қолайсыз әсерлеріне организмнің арнайыланбаған серпілістермен жауап қайтаруымен көрінетін, оның қорғану — бейімделу мүмкіншіліктерінің жаңа деңгейде қалыптасуын айтады. Бұл қолайсыз ықпалдарға физикалық әсерлер (ыстық немесе суық температуралар, иондағыш сәулелер, электр соққы, жарақат, ауыр қол жұмыстарын атқару т. с.с.), химиялық әсерлер (улы химиялық заттар, гипоксия т.б.), биологиялық әсерлер (жұкпалар, вирустар, микробтардың уыттары, жәндіктердің улары т.б.), психогендік (жан – дүниелік жарақаттар, күйзелістер, ауыр қайғы – қасіреттер, көңіл толқулары), әлеуметтік жағдайлардың (қазіргі адамдарға шамадан тыс артық ақпараттардың әсерлері, уақыттың тапшылығы, жеке тұлғалардың арасындағы шиеліністер, қоғамның заңдары мен жеке адамдардың еркіндіктерінің шектелуі, қимыл қозғалыстарының азайуы т.с.с.) әсерлері жатады.

Адам үшін *жағымсыз сөздің* стресс жағдайын дамытуда маңызы өте үлкен. Бұл организмге қолайсыз әсерлерді стрессорлар деп атайды. «Стресс» ұғымын медицинаға Канада ғылымы Ганс Селье алғаш ХХ ғ. 60 – шы жылдары енгізді. Бұл ғалымның байқауы бойынша әсер еткен қолайсыз ықпалдардың (ол жарақат па, жұкпа ма, химиялық улану ма немесе ауыр қайғы – қасірет пе) түріне қарамай оларға организм әрқашан бірбеткей жауап қайтарады. Стрестің организм тіршілігінде маңызы өте үлкен. Оның әсерінен организмнің тіршілігіне қажетті барлық мүмкіншіліктерінің жұмылдырылуы болады. Осыдан ұдайы өзгеріп тұратын қоршаған ортаның жағдайларына организмнің икемделіп, бейімделу мүмкіншіліктері артады. Г.Сельенің пікірі бойынша кез келген стрессор алдыңғы гипофизге әсер етіп, онда *кортикотропин* түзіліп шығуын күшейтеді. Ол өз алдына

бүйрек үсті бездерінің сыртқы қабатына әсер етіп, глюкокортикоидтық гормондардың өндірілуін артырады. Осыдан қолайсыз ықпалдардың әсерлеріне организмнің төзімділігі көтеріледі. Мәселен, жануарлардың алдыңғы гипофизін немесе бүйрек үсті бездерін сылып тастағанда, кез келген ықпалдарға олардың төзімділігі қатты азайып, бұл жануарлар тез жан тапсырады. Ал, жануарларға алдын ала кортикотропин немесе глюкокортикоидтық гормон (гидрокортизон, кортизон, преднизолон т.с.с.) енгізіп, содан кейін оларға химиялық улы зат енгізсе немесе оларды жарақаттаса онда көрсетілген ықпалдарға деген жануарлардың төзімділігі артады. Сол себептен кортикотропин мен глюкокортикоидтық гормондарды адаптациялық гормондар деп атайды. Осыған байланысты стрессті Г.Селье жалпы адаптациялық синдром деп дәйектейді.

Бұл синдром үш сатыда өтеді: 1 – сатысы – үрей сатысы, 2 сатысы организмнің төзімділігінің көтерілуі, 3-ші сатысы қалжырау сатысы. Үрей сатысында жағымсыз ықпалдарға организмнің қорғаныстық икемделу мүмкіншіліктері тез іске қосылады. Бұл саты «соққы» және «соққыға қарсы» фазаларынан тұрады. Соққы фазасында бұлшық еттердің әлсіздігі, артериялық қысымның төмендеуі, гипотермия, гипокликемия, эозинпения, қылтамырлардың өткізгіштігі көтерілуі т.б. байқалады. Бұл кезде лимфоидтық түйіндердің кері дамуы, теріс азоттық баланс, асқазанның ойық жарасы байқалады. Бұлар организмде ыдырау үрдістерінің күшейгенін көрсетеді. Соққыға қарсы фазасында көрсетілген бұзылыстар кері бағытта өзгереді. Артериялық қысым және бұлшық еттердің күш –қуаты көтеріледі, қанда глюкоза көбейеді. Гипофиз бен бүйрек үсті бездерінде кортикотропин мен глюкокортикоидтық гормондардың өндірілуі тұрақты түрде жоғарылайды, осыдан төзімділік сатысы дамиды. Бұл сатысында бүйрек үсті бездерінің гипертрофиясы байқалады, кортикостероидтардың түзілуі артады, глюконеогенез күшейеді. Бұл кезде өзгерген сыртқы ортаның жағдайларына организмнің бейімделу мүмкіншілігі ең жоғары деңгейге көтеріледі. Егер қолайсыз ықпал ұзақ мерзімде әсер етсе, онда организмнің көрсетілген қабілеті бұзылады, жалпы адаптациялық синдромның үшінші қалжырау сатысы дамиды; организмнің функциялық мүмкіншілігі таусылады, бүйрек үсті бездерінің сыртқы қабаты семіп қалады, артериялық қысым төмендейді, нәруыздардың ыдырауы артады, дене қызуы азаяды, гипогликемия байқалады.

Жалпы адаптациялық синдром кезінде организмнің төзімділігі әсер етуші ықпалға ғана көптеген басқа жағымсыз әсерлерге де жоғарылайды. Былайша атқанда бір жағымсыз ықпалдан кейін екінші қолайсыз ықпалдың зиянды әсері әлсірейді. Организмге әлсіз және шамалы қоздырғыштардың ұдайы әсерлеріне эндокриндік жүйенің бейімделу

мүмкіншіліктерін әрдайым қолайсыз ықпалдарға дайын жағдайда ұстап, организмнің оларға төзімділігін арттырады.

Адаптация дезадаптациямен ауысады. Мысалы, дене жаттығуларын шұғыл көтеру организмді немесе оның жеке мүшелерінің зорығуына әкеледі. Бұл кезең міндетті түрде келмеуі де мүмкін. Жұмыс және демалыс режимдерін мұқият ұстанып, машықтандырушы және қайта қалыпқа келтіруші амалдарды тиімді алмастырып отырса, ауыр спорттық жүктемелерге деген беріктік ұзақ жылдар бойы сақталады. Сондықтан спорттық жетілдірудің ұзақ мерзімді бағдарламасының негізіне, мұқият зерттелген дене жүктемелеріне деген спортшының адаптациялық резервтерінің заңдылықтары салынғаны жөн. Жүрек-қан тамырларының жүйесінің бейімделуі. Ғасырлар аурулары арасында жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары бірінші орында тұр. Олардың көбінің себебі – қимыл-қозғалыс белсенділігінің төмендігі. Жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруларының алдын алудың бірден-бір тиімді құралдырының бірі – дене жаттығуларымен шұғылдану.

Дене жүктемелеріне бейімделген жүректің жиырылу қасиеті жоғары болады. Ол миокардтағы зат алмасуды реттейтін процестердің жақсаруынан және соған орай оның массасының артуынан пайда болады. Жүктемеге бейімділігі жоғары жүрек жиырылу жиілігіне қарамастан диастола кезінде жақсы босаңси алады. Гипертрофия – жүректің күшті жиырылғыштық функциясының қалыпты морфологиялық феномені. Егерде капиллярлар арнасы жүрек массасының бірлігінде ұлғайса немесе қалыпты миокардқа тән деңгейде сақталса, гипертрофия әдеттегі шекте пайда болады.

Қызу жұмыста жүрек бұлшық еті оттегі тапшылығына ұшырамайды. Тіпті жүрек массасының бірлігіне функционалдық жүктеме төмендейді. Демек, ауыр дене жүгін жүрек төмен функционалдық шырығулар жағдайларында кешеді. Дене жүктемелерінің сауықтырушы эффектісі айқын болып келеді. Қанайналым жүйесіндегі адаптацияның жастық ерекшеліктері Дене жүктемелерінде пайда болатын жүрек-қан тамырлары жүйесінің жоғары адаптациялық мүмкіндігін, эволюция барысында түзелген бейімделгіштіктің формасы ретінде қарастырған жөн.

Бейімделгіштік өзгерістер, бірінші кезекте, энергиямен қамтамасыз етуші механизмдерінің жетілуіне байланысты. Жүрек жұмысының басты энергия көзі – тотықтандыру фосфорлау болып келеді. Осы процесс арқылы аденозиүшфосфат пен креатинфосфатқа энергия шоғырланады. Жүрек бұлшық етінің жиырылу актісі – аденозиүшфосфат энергиясының механикалық жұмыс-қа айналу нәтижесі. Жүрекке әсер етуші жоғары жүктеме, тотықтандыру фосфорлау процесінің белсенділігін арттырады. Жастың өсуіне қарай жүректің жиырылғыштық аппаратының қуаты да арта береді. Жас өткен сайын жүрек соғысы сирейді.

Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жастарында жүрек көлемі тамырлар арнасының косындысына пропорционал өседі. Бірақ бойлары ұзын

жасөспірімдерде тамырлар өзектерінің қосындысы, ұлғаюшы жүрек көлемімен салыстырғанда өсуі баяу жүреді. Бұл дерек акселераттар мен ретарданттарға жаттығуларды қатал және жекеше беруді дәлелдейді.

Адамда сөйлеу жүйесінің болуына байланысты жағымсыз дәрекі сөздер, Жан – дүниелік күйзелістер, психикалық жарақаттар мидың сыртқы қыртысының қатысуымен болатыны сөзсіз. Сонымен, стресс дамуы бір жағынан организмнің сыртқы ортаның ықпалдарына бейімделу қабілетін көтеріп, адаптация дамуына әкелсе, екінші жағынан күптеген дерттердің пайда болуына әкеледі. Сайып келгенде, стресс кезінде стрессті шектейтін жүйенің жұмылдырылуы нәтижесінде жағымсыз әсерлерге организмнің адаптациясы болады.

Сонымен, стресс дамуына әкелетін жағымсыз ықпалдар ұдайы өзгеріп тұратын қоршаған ортаның жағдайларына организмнің бейімделу мүмкіншіліктерін арттырады. Бұл кезде организмнің төзімділігі, әсер еткен жағымсыз ықпалған ғана емес, басқа көптеген ықпалдарға да жоғарылайды. Ф.З. Меерсонның дәлелдеуі бойынша: организмнің қайталанған, жеңіл стресстік жағдайларға жаттығуы нәтижесінде стрессті шектейтін жүйенің қуаты артуынан, оның ишемияға, радиацияға, улы химиялық заттарға төзімділігі көтеріледі. Суық суға шынығулардың нәтижесінде организмде, термореттеу жолдарының қуаты көтерілуімен қатар әртүрлі жұқпаларға организмнің төзімділігі артады. Сондықтан суық тиюден дамиды дерттер (баспа, жоғары тыныс жолдарының аурулары, пневмония т.с.с.) алдын – ала ескертіледі. Стресс адамда дерттердің пайда болуына мына екі жағдайда әкелуі мүмкін:

1. Организмге әсер еткен ықпалдың қарқыны тым артық болып, стресс дамытатын жүйенің белсенділігі қатты көтеріліп кетуінен;
2. Стрессті шектейтін жүйенің туа біткен немесе жүре пайда болған тапшылықтарынан. Көрсетілген екі жағдайда да организмге әсер еткен қолайсыз ықпалдарға жауап ретінде адаптацияға жауапты функциялық басым жүйе және «жүйелік құрылымдық із» қалыптаспайды. Осыдан организмнің сапалық өзгерістеріне әкелетні сөзсіз.

Әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру:

- өмірлік қамту саласында: еңбекпен қамтылуы, жеңілдіктерді белгілеу, жәрдемақы, мүгедектік, дағдарыс жағдайындағы материалдық көмек, т.б.;
- тұрмыс жағдайы саласында: қажетті жиһаздармен және тұрмыстық техникамен қамтамасыз ету, пәтерін жөндеу, дезинфекциялау, гигиеналық дағдыларға үйрету, пәтерде бала бұрышын ұйымдастыру, бос уақытты ұйымдастыру, балаларды қадағалау, т.б.;
- отбасы денсаулығы саласында: балалар мен ересектердің созылмалы, қатты ауыруларын тексеріп-анықтау және емдеу, салауатты салтпен өмір

сүруге дағдыландыру, аурулардың алдын алу, балаларға нашақорлықтан аулақ болуға көмектесу;

- рухани және моральдық хал-ахуал саласында: ішімдікке бой ұрудан құтылу, отбасының дәстүрлері мен тұрақтылығын сақтау, отбасы мүшелерінің құнды бағаларын қолдау;

- бала тәрбиесі саласында: мектепке үйрену мәселесін шешу; мінез-құлық ауытқушылығын анықтау және оны түзеу; психологиялық, тіл дамыту, психотерапиялық, заңгерлік көмек көрсету, педагогикалық хабарсыздықты, сапасыздықты, дәріменсіздікті болдырмау және т.б.;

- отбасының ішкі және сыртқы қатынастар саласында: бұрынғы немесе жаңа жақсы әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіру, араздықты жоюға көмектесу, бала – ата-ан және ерлі-зайыпты қарым-қатынастарын реттеу және т.б. Кеңес беру мақсатының қорытындысы — өтініш берушіні өзіне-өзі көмектесуіне үйрету және осылайша оны өзіне-өзі кеңесші бола білуіне баулу.

7-дәріс. Жағымсыз отбасы баланың виктимділігінің ортасы ретінде. Ата анасыз қалған балалардың әлеуметтенуі.

Жоспар:

1. Тәрбие ісіндегі ата-аналардың жауапкершілігі мен рөлі.
2. Ата-аналардың балаларға қарым-қатынасының типтері.
3. Жағымсыз отбасы баланың виктимділігінің ортасы ретінде
4. Ата-анасыз қалған балалардың әлеуметтенуі.

Отбасы – ұлттық, мемлекеттің, әлемнің адамзаттың негізі. Сондықтан оны нығайту керек. Отбасында тыныштық болса үйде тыныштық болады; Үйде тыныштық болса мамлекетте тыныштық болады. Мемлекетте тыныштық болса әлемде тыныштық болады. «Отбасы адамның жақсылық жасауға үйренетін ең бірінші әлеуметтік ортасы», -дейді В.А.Сухомлинский.

Психиатрлар балалардың нәрестелік кезеңнен 5-6 жасқа дейінгі кезеңдегі дамудың өте маңызды екенін баса айтады. Бұл кезде ата-ананың ақыл-ой дамуына әсері өте күшті. Бұл баланың тұлғалық дамуына ең бірінші және басым әсер етуші фактор және негізгі мінез-құлық үлгісі болып табылады. Балалардың махаббаты таза, риясыз. Олар өздерінің ата-аналармен бар жан-тәнімен жақсы көреді және оларға еліктейді. (кейбір келеңсіз мінез-құлықтарын да). Кей-кейде балалар ата-аналарының тілін алмайды. Бірақ олардың мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін зер сала бақылайды. Бұл балаларға үлкен әсер етіп, ықпалын тигізеді. Олар ата-аналары өтірік айтып, алдап тұрса, екіжүзділік таныса оны байқап қояды.

Ата-аналар өз балаларына білім беруге, білім алуына жағдай жасауға талпынады. Бірақ оларды балаларының қандай білім алып жатқаны онша алаңдатпайды. Білім балаларға жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге, бойына сіңіруге қызмет етуі тиіс. Академиялық білім білім алушыға өмір

сүру үшін табыс табуға үйретеді. Алайда білім тек қана өмір сүру үшін пайда табуды ғана көздемеуі керек. Білім алушыны өмірде кездескен қиыншылықтарға қарсы тұруға рухани, адами тұрғыда дайындауы керек.

Балалардың мінез-құлқына кері әсер ететін ата-аналардың қарым-қатынас типтері.

1. **Орынсыз қамқорлық** бала ата-анасының орынсыз қамқорлығына еті үйреніп, дағдыланғаны сондай, өз бетімен шешім қабылдай алмайды. **Орынсыз жұмсақтық (көнгіштік)** (баланың мінез-құлқын бүлдіреді, басқаларға түсіністікпен қарамайды)
2. **Орынсыз қорқыныш, үрей** баланы мазасыз етеді, тіпті психосоматикалық ауруларға апараты.
3. **Жоғары талаптар қою** балалар сасқалақ, жабырқаңқы, тұнжыраңқы болып, сәтсіздікке ұшыраймын деген сезім басым болады.
4. **Кемсіту, елемеу** мұндай сезіммен өскен балаларда агрессия, ашу-ыза басым, қызба болады. Өсе келе түрлі қылмыс, зорлық-зомбылық жасау, наркомания сияқты келеңсіз жағдайларға бой алдыруы мүмкін.

Отбасында балаларды тәрбиелеу типтері.

Ынтымақтастық баланың өзіндік тұлғалық дамуы мен ерекшеліктерін сезіну, түсіну. Оның осы өмірге өзінің мақсат міндеттерімен келгеніні ұмытпау. Ол осы өмірге бір жаңа леп әкелгенін есте ұстау, Ата аналар баланың өзінің бойында бар ерекшеліктерін іске асыру үшін сүйспеншілікпен, құрметпен жағдай жасауы тиіс. Бала да сол кезде ата анасының беделін, құрметін түсініп, олардың айтқандарына құлақ сала бастайды. **Материалдық қызығушылықтары негізінде тәрбиелеу** жақсы болсаң аласың, қол жеткізесің (ақша, сыйлық, ойын сауық т.б) жаман болсаң жазаланасың. **Зорлық зомбылық негізінде тәрбиелеу** істегің келмесе де, істейсің, істемесең жазалаймын. **Тәрбиеден тысқары қалу**, бұл бетімен кетушілік, балаларға немқұрайлы қарау. Қалай болса, солай болсын, барлық балалар да осылай істейді.

Агрессивті баланың ата-анасының бойындағы қасиеттер: Отбасында ешқандай ережелердің болмауы; Балаларға ешқандай бақылаудың болмауы; Тәртіптің болмауы; Отбасында түрлі мәселенің шешімін табу іскерліктерінің болмауы; Балаға сөзбен немесе іспен қиянат жасамау.

Ынтымақтастықта тәрбиелеу:

1. Барлық баланы жақсы көру керек. Жақсы көрсең барлығын жаңғыртатын күш. Барлығын сүйе білетін, айнала қоршаған ортасын жақсы көретін болады;
2. Баланың шынайы табиғатын сезініп, табиғат берген ерекшеліктерін ескере отырып, қалай бар солай қабылдап, түсіне білу керек.

3. Әрбір баланы жақсы көру, түсіну, сыйлау арқылы қанаттандыруға болады.

Күнделікті өмірде ата-аналар балаларға үлгі болуы тиіс. Өзге адамдардан тек жақсылықты көруге үйрету керек және олармен өздерін ың қандай қатынас жасағанын қаласа, өздері де сондай қатынас жасауға тиіс екенін үйрету керек. Ата-аналар отбасында міне-құлық ережелерін жасауы керек және оны өздері де бұлжытпай орындап, сол ережеге бағынып отыруы керек

8 – дәріс. Виктимологиялық жағдайлардың алдын-алудағы құқықтық, медициналық, ақпараттық кеңес түрлерінің әлеуметтік мәні

Жоспар:

1. Әлеуметтік – педагогикалық кеңес берудің мәні
2. Құрбандыққа душар болған адамдарға әлеуметтік кеңес беру түрлері
3. Виктимологиялық жағдайлардың алдын алу түрлері

Әлеуметтік кеңес беру-бұл білікті кеңес, әртүрлі проблемаларды бастан кешіретін адамдарға әлеуметтену, әлеуметтік функцияларын қалпына келтіру және онтайландыру, қарым-қатынастың әлеуметтік нормаларын дамыту мақсатында көмек. Әлеуметтік кеңес беру аясында келесі бағыттарды бөлуге болады: медициналық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-басқарушылық және т.б. кеңес берудің әлеуметтік бағытын бөліп көрсету заңды болуы мүмкін.

Әлеуметтік – педагогикалық виктимологиялық кеңес беру

Виктимділік мәселесі қазіргі уақытта ең өзекті мәселелердің біріне айналуда, оның психологиялық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, медициналық және құқықтық аспектілері де бар. Виктимділік оның салдары бойынша ең ауыр психологиялық жарақаттарға жатады. Виктимділіктен туындайтын бұзушылықтар адамның жұмыс істеуінің барлық деңгейіне әсер етеді: танымдық сала, тәбет, ұйқы, тұлғаның тұрақты өзгеруіне әкеледі. Балалық шақтағы зорлық-зомбылық адамның кейінгі өміріне әсер етеді. Виктимділік құрбандарына психологиялық көмек зорлық-зомбылық жағдайына, оның қайталануына, ауқымына, виктимділіктен аман қалған адамның жасына және т.б. байланысты айтарлықтай ерекшеленеді.

- Психологиялық жұмыстың үш кезеңін бөлуге болады:
 - жедел (немесе алғашқы) көмек,
 - дағдарыс кезеңі,
 - жұмыстың зерттеу кезеңі.

Зардап шеккендерге шұғыл психологиялық көмек олардың қазіргі психикалық және физиологиялық жағдайын тұрақтандыруға және өмірлік белсенділігінің қауіпсіздігін қалпына келтіруге бағытталуы керек. Шұғыл

көмек терең психологиялық зерттеуді, экспериментті және т.б. қажет етпейтінін есте ұстаған жөн. Виктимділік мәселесіне арналған психологиялық зерттеулерде Стокгольм синдромы қарастырылады. Стокгольм синдромы жәбірленуші мен агрессордың нақты байланысын көрсетеді: жәбірленуші агрессорға жанашырлық таныта бастайды, оның әрекеттерін ақтайды, агрессормен анықталады. Әр түрлі зерттеулерде бұл синдром "барымтадағы сәйкестендіру синдромы", "барымтадағы өмір сүру синдромы" деп сипатталған. Синдром А. Фрейд сипаттаған "агрессормен сәйкестендіру" механизміне негізделген Г.Хартман агрессия жағдайында туындайтын рөлдік позицияларды білдіретін "агрессор - Құрбан - құтқарушы" триадасын анықтады. Бұл ұстанымдар бір-бірімен байланысты, сондықтан жәбірленуші агрессор немесе құтқарушы бола алады, ал агрессор-керісінше.

Зорлық-зомбылық құрбандарына психологиялық көмек көрсету қиын міндет болып табылады, өйткені зорлық-зомбылыққа ұшыраған және/немесе ұшыраған адамдар ауыр психоэмоционалды күйде, ұят, кінә сезінеді, көбінесе зорлық-зомбылық фактісін жоққа шығарады, не болғанын құпия ұстайды (әсіресе егер бұл отбасылық жағдай болса). Олар террор, суперкүндік, үмітсіздік және әлсіздік сезімдері, физиологиялық және психикалық стресс, ішкі ыңғайсыздық, ұйқының бұзылуы, обсессивті естеліктер, суицидтік ойлармен сипатталуы мүмкін.

Виктимділікке ұшыраған құрбандарға алғашқы көмек көрсету ережелері:

- Жәбірленушіні құшақтауға асықпаңыз, артық дене байланысын болдырмаңыз.
- өтенше жағдайларда сіз оны қолыңыздан алуға немесе қолыңызды иығыңызға қоюға болады.
- әбірленуші үшін қазір не қажет екенін шешпеңіз (ол шындықты бақылауды жоғалтпағанын сезінуі керек).
- Не болғанын егжей-тегжейлі сұрамаңыз, айыптамаңыз.
- Зардап шеккен адам сіздің қолдауыңызға сене алады деп сезініңіз.
- Егер жәбірленуші оқиға туралы әңгіме бастаса, онда нақты мәліметтер туралы сұрамаңыз, оқиғаға байланысты сезімдер туралы сөйлесуге шақырыңыз.
- Қажет болса, сіз жәбірленушімен бірге жүре аласыз, мысалы, егер ол полицияға жүгінсе немесе қайтыс болған туыстарын анықтауға барса.

Кеңес беру жағдаяттық өзгермелі сипатқа ие, ол барлық жағдайларға қолайлы клиенттің мәселелерін шешудің әмбебап тәсілдерін бөліп көрсету мүмкіндігін айтарлықтай шектейді. Кеңес беру тәжірибесін дайын рецепттерді әзірлеуге дейін қысқартуға болмайды, ол мамандарды тәуелсіз талдауға және тұрақты рефлексивті әрекетке итермелейді, өйткені бірдей

клиенттер, бірдей мәселелер мен кеңес беру жағдайлары, демек, бірдей кеңес беру қызметтері бола алмайды.

Виктимологиялық алдын алу

- Құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары жүйесінде елеулі орынды виктимологиялық профилактика алып отыр.
- Виктимологиялық алдын алу - бұл мемлекеттік және әлеуметтік институттардың құрбандардың мінез-құлқын қалыптастыратын факторлар мен жағдайларды анықтауға және жоюға, ықтимал құрбандардағы виктимизацияны азайтуға және олардың қорғаныш қасиеттерін арттыруға бағытталған нақты қызметі.
- Виктимологиялық алдын алудың субъектілері мемлекеттік органдар, жеке ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар болып табылады. Қылмысты алдын-алу профилактиканың аналогы ретінде қарастырылады.

Алдын алу дегеніміз - сөзбе-сөз бір нәрседен қорғануды білдіретін медициналық термин. Криминологиялық теория шеңберінде алдын-алудың екі аспектісін зерттеу дұрыс:- ықтимал құрбандарды қылмыстан қорғау (виктимологиялық алдын алу);-қоғамды және адамдарды қылмыстың ықпалынан (қылмысқа дайын болу «вирусын» жұқтырудан), қылмыстық салаға, қылмыстық бизнеске және қылмыстық әрекетке тартылудан қорғау; бейнелі түрде бұл бағытты адамдарды қылмыс желісіне түсуден қорғау деп атауға болады. Неміс ғалымы *Г.Дж. Шнайдер*: «Шындығында, қылмыс саны билік жазған қылмыстан екі есе көп». *В.И. Задорожний* қылмыс санының көбею себептерінің бірі ретінде құқық қорғау органдарының құрбандыққа шалдығуының әлсіз профилактикалық әсерін қарастырады. Оның пікірінше, бұл заңнаманың жетілмегендігімен, ұйымдастырушылық, ақпараттық және ресурстармен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігімен, сондай-ақ виктимологиялық профилактика жүргізуге қабілетті мамандарды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің болмауымен байланыстырады.

Виктимологиялық алдын алудың тиімді жүйесін құру үшін мыналар қажет:

- 1) азаматтардың жәбірленуінің сандық және сапалық көрсеткіштерін ескере отырып, құқық қорғау органдарының мемлекеттік есеп беруінде қылмыстар құрбандарын есепке алу мен статистиканың жеткілікті толық жүйесін құру;
- 2) федералды деңгейде полицияға хабарлаған, оларға қарсы қанша қылмыс жасалғанын анықтау үшін жыл сайынғы сауалнама жүргізу;
- 3) аймақтық деңгейде әлеуметтік оңалтуға мұқтаж қылмыстар құрбандарына арналған мамандандырылған әлеуметтік оңалту, медициналық, заңгерлік, психологиялық, ақпараттық және өзге де көмекке мұқтаж қылмыстар құрбандарына арналған әлеуметтік оңалту орталықтарын ұйымдастыру;

- 4) зорлық-зомбылық көрген және мемлекет тарапынан жедел көмекке мұқтаж қылмыстар құрбандарын уақытша орналастыру және әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз ететін қылмыстар құрбандарына арналған әлеуметтік баспана;
- 5) азаматтарды қылмыстардан қорғаудың арнайы қоғамдық орталықтарын ұйымдастыру, олардың басты міндеті қолданбалы виктимология бойынша оқыту курстарын өткізу және жеке тұлғаның қайталанатын жәбірленуіне қарсы тұру туралы ақпараттандыру;
- 6) патрульдік жүйені нығайтуға және зардап шегушілер үшін қауіпті жерлерде бейнебақылау жүйелерін орнату;
- 7) жергілікті деңгейде оқу процесіне (балабақшаларда, білім беру мекемелерінде) қолданбалы виктимологияны оқыту бағдарламаларын енгізу.

Қылмыстардың жалпы виктимологиялық алдын алудың маңызды шараларының бірі - *құқықтық насихат*, яғни азаматтарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қауіпті жағдайларда құқық қорғау органдары мен қоғамның тәуелсіз құрылымдары өкілдерінің араласу негіздерін, шектерін және нысандарын реттейтін заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің ережелерін білу оларға берілген өкілеттіктерді тиімді пайдалануға, сондай-ақ заң бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Дәрістің тұжырымы. Виктимологиялық жағдайларды алдын-алуда бірқатар іс-шаралар тізбегін өткізу аса маңызды. Соның ішінде криминология бойынша, қылмыстық істер туралы ақпараттық кеңес беру кеңінен қолданылады. Әсіресе құқық қорғау органдарының насихаттық жұмыстары, виктимологиялық жағдайға бейім азаматтармен медициналық, психологиялық, әлеуметтік жұмыстардың берер нәтижесі аса мол. Осы тұрғыда педагогикалық жағынан жасөспірімдер арасында профилактикалық шаралар жүргізу виктимдік жағдайларды алдын-алудың бір жолы іспеттес.

Әдебиеттер

1. Шипунова Т.В. Технология социальной работы. Социальная работа с лицами девиантного поведения. М.: «Академия» 2011. – 240 с
2. Интернет-сайт: <http://bibliofond.ru/>
3. Технологии работы социального педагога с девиантными подростками в условиях средней школы
4. Интернет-сайт: <http://group-global.org/kk>
5. Е.А. Волгуснова, И.А. Волгуснов. Особенности работы социального педагога с детьми девиантного поведения в школе
6. Кузубова М, Сидорова Л., С.Бекмамбетова. Методическое пособие. «Основные направления работы с учащимися девиантного поведения», Алматы, ТОО«А.Медиа Consulting», 2008. – 82 с

9-дәріс. Әлеуметтік педагогикалық кеңес беру әдістері мен технологиясы

Әлеуметтік педагогтың көңіл аударатын басты объектісі – бала өмірінің әлеуметтік проблемалары. Соның ішінде құрбандарға және жәбірленушілерге кеңес беру біліктілігіне қойылатын талаптары: әлеуметтік педагогтың оқушылармен жүргізетін жұмысының мақсаты: проблемалық қауіпті өмір жағдайындағы баланың әлеуметтік тұрақтануы үшін кедергі-қиындықтарды жеңу және оған жағдай жасау немесе проблеманы шешу, сонымен қатар әлеуметтік ортаның педагогикалық мақсатты, қолайлы жағдайын жасау.

Бала мен әлеуметтік қоршаған орта өзінің әрбір даму кезеңдерінде жаңа әлеуметтік сана жағдайы мен бұрынғы қалыптасып қалған өлшемдер, талаптар аралығындағы туындаған қайшылықтарды тез сезініп отырады. Егер бағалау нормасы дер кезінде өзгермесе, субъект ретіндегі баланың әлеуметтік өмірдегі дамуына қажетті қолайлы жағдай жасалмаса өмірлік маңызды шешімге келу кезеңінде кедергілер, яғни «өмірдің проблемалық жағдайы» пайда болады. Егер отбасы мен әлеуметтік орта балаға бұл кедергілерді жоюға көмектесе алмаса, онда ол құрбандыққа ұшырауы мен жәбірленуге әкеліп соғады. Ал, егер бұл тұста педагог-маман араласпаса кедергі көбейе түседі де, бала «әлеуметтік қауіпті жағдайға» ұшырайды.

Әлеуметтік педагогтің жиі араласуымен жас ерекшелігіне байланысты қиындықтарына сәйкес жәбірленушілерге кеңестер беру.

Балада эгоизм, нигилизм, ата-анасын менсінбеу, отбасынан аластау көзқарастарының қалыптасуында әлеуметтік педагогтің кеңесі

Дау-жанжалмен өз қарым-қатынастарын реттей алмайтын, балаларына көңіл аудармайтын отбасыларға;

Жанталасқан адамдардың балаға агрессиялық көзқарасы, ата-аналарының баланы бір-біріне айдап салуындағы;

Әлеуметсізденген отбасы-отбасылық ұстанымдар мен қамқорлықтың жойылуы, бала құндылығын бағаламау, тәрбиесіздік, сексуальдық арсыздық, мастардың сотқарлығы тағы басқа;

Басты «тәрбие әдісі» - ұрып соғу. Бұл отбасылардан шығатын балалардың психикасы бұзылуы, үйінен, сабақтан қашуы;

Сырттай сау көрінетін отбасы - бірақ іштей рухани азғындық жайланған, шынайы адамгершілік құндылықтары жоқ, ұрпақтың сезімталдық қасиеті бұзылуы;

Қалыптаспаған отбасылар – дау-жанжалды, бейморальді мінез-құлықты, сотқарлық, қатыгездік орын алуы. Баланы қорғау үшін әлеуметтік педагогтің мұндай отбасына үнемі көңіл аударып отыруы;

Әлеуметтік бейімделу және бейімделе алмау проблемалары – ағымдағы әлеуметтік өмір нормаларына үйрену және меңгеру кезіндегі қиындықтар; баланың денсаулығы мен өміріне қатерлі әлеуметтік қауіпті нормаларды бұзу кезінде туындайтын қиындықтар;

Қорғаныс – қауіпсіздік қызметі құралдарының көмегімен үйлестіруші ретінде оқушының бейімделу немесе бейімделе алмау проблемаларын шешуге көмектесуі;

Әлеуметтік педагогтің маңызды мәселелердің бірі қазіргі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, қоғамда өз орындарын дұрыс бағыттай алуы, құқықтарының қорғалуы, үлкендер тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырамауын бүгінде әлеуметтік тәрбие беретін мамандар ұйымдастыруы қажет. Ол психологиялық, медициналық, құқықтық, адамгершілік – этикалық және басқа да сипаттағы проблемаларды шешуге көмектесуі тиіс. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің шынайы өмірге қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани адамгершілік қарым-қатынастар ықпал етеді.

10- дәріс. Әлеуметтік педагогтің виктимологиялық жағдайлардағы кәсіби этикасы және конфиденциальдық мәселелері.

Әлеуметтік педагогтің сұхбаттасу барысындағы педагогикалық мінездеме, психологиялық зерттеу қасиеттеріне қойылатын талаптар

Әлеуметтік педагогтің бойында ұстауы қажет адамгершілік қасиеттері жиынтығы - бұл кеңес беру кезіндегі ең бірінші талап	Педагогикалық Мінездемеге сәйкес әлеуметтік педагогқа қойылатын талаптар	Әлеуметтік педагогтің Психологиялық зерттеу қасиеттері қойылатын талаптар	Психологиялық педагогикалық қасиеттеріне байланысты талаптар жүйесі
--	---	--	--

<p>Мейірімді болу; Өзгенің эмоциясына кіре білу, оның әрбір мәселесіне түсіністікпен қарай білетін, шынайы мінез құлқының болуы. Қай істеде адалдық, әділеттілік, сыпайылық пен ашықтық таныта білу қасиетін жоғары деңгейде көрсете алу қасиетінің болуы;</p>	<p>Есте сақтау қабілетінің жоғары болуы, өйткені құрбандыққа ұшыраған тұлғаның мәселелерін толыққанды есінде ұстау және ол сұрақты қайта қойып қалудан алшақ болуы керек, өйткені жүгініп отырған клиент қайталанған сұрақты естіген сәтте өзін одан әрі кіналау сезіміне ұшырауы мүмкін.</p> <p>Сонымен қатар әлеуметтік педагогтың ойлау, елестету, қабылдау қызметінің жақсы дамуы;</p> <p>Әрбір клиенттің психологиялық жағдайларына назар аударуы, өзіндегі шаршау</p> <p>Күйзеліс</p> <p>Мазасыздықты жеңе білуі шарт</p> <p>Өз еркін жұмылдыра білу,</p> <p>Табандылық т.б. қасиеттерді өз бойына жинай білу.</p>	<p>Өзін - өзі</p> <p>Қадағалау</p> <p>өзін-өзі бақылау,</p> <p>өз-өзіне сын көзбен</p> <p>Қарау, өз-өзін</p> <p>Бағалау, өз</p> <p>Бетімен білім</p> <p>Алу, өзіне сену,</p> <p>Өз мәселесін</p> <p>Шеше алу.</p>	<p>Сұхбатташусымен жағымды қарым-қатынас орната білу,</p> <p>Зардап шегушімен сұхбаттасу барысында табиғилық таныту;</p> <p>Басқаның көзімен</p> <p>Көре білу, түсіну</p> <p>Шешендік, сендіре</p> <p>Білу қасиеттерінің жоғары болуы. Және ең бастысы мәдениетті әрі сыпайы сөйлеу білу қабілетінің болуы ол ең басты талап, өйткені құрбандыққа ұшыраған жанға байқаусызда айтылған аз ғана ауыр сөздің өзі үлкен соққы болып тиюі әбден мүмкін.</p>
--	--	---	--

11-дәріс. Құрбандыққа душар болған адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету және оларды қорғау бойынша берілетін кеңес түрлері

Әлеуметтік педагогтың басты қызметінің мәні де осында ол – тұлғаны әлеуметтік – педагогикалық қолдау – тұлғамен бірге оның өзіндік көзқарасын, мақсатын, мүмкіндігін анықтау үшін және қоғамда қалыпты өмір сүруге кері ықпал ететін кедергілерді жою жолдарын көрсету. Оның өмір сүруіне, қарым-қатынасына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, алдына қойған мақсатына жету және адамгершілік қасиетін сақтап қалуына қол үшін беру.

Осындай қызметтерді атқарушы әлеуметтік педагогқа да қойылатын талаптар мен міндеттер жоғары болмақ, өйткені бұл маман иесі өмірде тек өз орнын тауып қана қоймай, өмірде адасқан немесе зардап шегіп, құрбандыққа душар болған жандарға да қолдау көрсетіп, олардың өмірлік жолын табуына көмектесіп отыру бұл әрине өте жоғары жауапкершілікті қызмет. Адамның өз тағдыры мен қоса өзгенінде тағдырына жауапкершілікпен

қарау, бұл әлеуметтік педагогтардың алдында тұрған басты талап болып табылады. Осы мәселелерді ескере отырып біз көрсетілген тақырыпқа сәйкес, Әлеуметтік-педагогтің құрбандарға және жәбірленушілерге кеңес беру біліктілігіне қойылатын талаптарды жүйелеп көрсетуді жөн көрдік.

Өмірден түңілген, үмітін жоғалтқан, қиындықты басынан кешірген және проблеманы өздігінен шеше алмаған тұлға әлеуметтік педагогқа келіп жүтінгенде одан түсіністік пен тілектестікті, адамгершілік қолдауды және нақты көмекті күтеді. Оларға сөзбен және іспен көмектесу, олардың өзіне сенуіне, өзінің құндылықтарын қайта қарауына және кемелденуіне ықпал етуде әлеуметтік педагог келуші клиентке ең бастысы жылы жүзді кейіпте көріне білуі керек. Өзгеден зардап шегіп, құрбандыққа ұшыраған әрбір жан ең бірінші маманнан жылы жүзді көрген сәтте оған деген сенімділігі арта түседі.

12-дәріс. Маргиналдық және әлеуметтік қауіп - қатер мәселелері бойынша кеңес беру

Д 13. Әлеуметтік инфантилизм құрбандыққа бейім тұлғаның сипаты.

Дәріс 13. Психологиялық жарақат алған құрбандарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес берудегі Д. Стоттың диагностикалық бақылау картасы және т.б. әдістер мен тәсілдер

Қазіргі кезеңдегі жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайға бейімделуіне, мінез-құлықтарының қалыптасуына, тұлға ретінде дамуына әсерін тигізетін тиімді жолдарын көрсету, анықтау да басты мәселелердің бірі болып табылады.

Психологиялық жарақаттың қандай да бір себептері болсын, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Маскүнемдік, есірткіні пайдалану, агрессивтілік, жалпы алғанда аталғандардың барлығы психологиялық жарақат алудың нәтижесін бейнелейді.

Қоғам арасындағы психологиялық жарақат алу (тәрбиедегі жүйесіздік, маскүнемдік, ата-аналардың айырылысуы, темперамент қасиеті, психикалық ауруларымен ауыруы, эмоционалды ерік сферасының бұзылысы, т.с.с) педагогикалық психологиядағы ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің шынайы қиындығы қазіргі қоғам дамуы кезінде кең етек алып отыр.

Әлеуметтік педагог үшін қоғамдық құбылыстарды зерттеу барысында мәліметтер жинау әдістері бір қатар қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сол қиындықтардың бірі - қоғамның, қоғамдық құбылыстардың үздіксіз өзгерісте болатындығынан туатын қиындықтар. Екінші қиындық - қоғамдық құбылыстардың аса кең ауқымдылығымен, кейде тіпті бүкіл адамзатты қамтитындығымен байланысты бақылау жүргізудің қиындықтары. Үшінші

қиындық - қоғамдық құбылыстардың аса күрделілігіне байланысты, сол себепті ол құбылыстарға әсер ететін көптеген факторларды зерттеу қажет болады.

Әлеуметтік педагог – жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік мектептерде, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, балалар үйлерінде, мектеп-интернаттарда, үйлестіру мектептерінде қызмет көрсетеді. Өз жұмысын ұйымдастыруда әлеуметтік педагог ұжымда позитивті микроклиматтың қалыптасуына, тұлғааралық қарым-қатынасты ізгілендіруге басымдық бере отырып, әр респонденттің қабілеттілігін жүзеге асыруына, тұлғалық қызығушылығын қорғауына, бос уақытын ұйымдастыруына, әлеуметтік пайдалы әрекетке жұмылуына ықпал етеді, оқушылар мен мұғалімдердің арнайы мәселелерін зерттейді, оларды шешу шараларын қарастырады. Әлеуметтік педагог оқушылардың отбасымен үздіксіз байланыста болады. Ол балаларды ата-аналардың қатігездігінен, менмендігінен, баланы басынуы сияқты проблемаларға ерекше назар аударады, балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптайды және өңдейді;

Жеке тұлғаның психологиялық жарақат алу дағдарысының алдын алу үшін келесі мәселелерді ескеруіміз қажет, яғни саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуда, жүйелі іс-әрекет жасауға мүмкіндік беру. Мінез-құлық дағдарысын психологиялық көзқарас тұрғысынан қарастыратын болсақ кез-келген жеке адам басқа адамдармен олардың ой-пікірімен, бағдарымен, жағымды эмоцияны сезінген кезде жүріс-тұрыста ауытқушылықтар болмайтындығы сөзсіз.

Мектептегі әлеуметтік-педагогтың жұмысы балаға нақты және жан-жақты көмектесу, ата-аналарына максималды жақындау, қиын ортадағы балалар мен ата-аналарына басты жиі назар аудару және өзара қарым-қатынас жасау болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері мен қызмет мазмұны

I. Әлеуметтік педагог өз қызметін үш бағытта жүргізеді

- Балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп сараптайды және өңдейді.

- Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік- педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады.

- Баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылу себептерін анықтап, алдын-ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуымен анықталады.

II. Әлеуметтік педагогтың міндеттері

- Баланың жас ерекшелігінің әрбір кезеңіне байланысты жеке дамуына кешенді ықпал ету

- Өзара қарым-қатынаста,оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету

- Оқушы отбасының тәрбие жағдайын зерттеу

- Баланың жеке дамуындағы ауытқушылықтың алдын-алу және болдырмау

- Мектеп пен тұрғылықты мекен жайында тұлғаны қорғау, тәрбиелеу және оқу-ағартудың кешенді жүргізеді

- Оқушылардың жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді

- Оқушының қызығушылығын, сұранысын, мінез ауытқышылығын ,шиеленісті жағдайларын анықтап, мезгілінде көмек көрсетеді

- Тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды, қауіпсіздендіруді қамтамасыз етеді, оқушының қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді

- Тұлғаның дамуы мен тәрбие проблемаларын шешуде отбасылармен серіктестік, әріптестік қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықпен жұмыс жүргізеді

Психологиялық жарақат алған жағдайда әлеуметтік педагог түрлі диагностикалық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы көмек көрсете алады.

Ойындар мен жаттығулар өзара жұмыс істеуге үйренуге, өзіндік сананы дамытуға, өзінің және басқаның даралығын бағалауды үйренуге мүмкіндік береді, яғни күрделі көпбаспалдақты міндеттерді бірігіп шешетін сапаларды қалыптастырады.

Жаттығулар - тек топ мүшелерінің бір-біріне деген қызығушылығын ғана туғызбайды, сонымен бірге әркімнің өзін-өзі дұрыс бағалауын қалыптастырады, басқа адамдармен өзара әрекет дағдысына машықтандырады.

Қолданатын әдістері:

- Әңгіме
- Сауалнама
- Тренинг
- Коррекциялық жұмыстар
- Релаксациялық ойындар
- Сабақтарға қатысу
- Диагностика және мониторинг

Әлеуметтік педагог пен психологтың біріккен жұмыстары:

1.Әлеуметтік-психологиялық ағарту шаралары. Дәріс, семинар түрлеріндегі ақпараттық іс-шаралар. Дәріс мазмұны нақты мысалдарды бейнелейтін көрнекіліктермен, осы заманғы озық техника мүмкіндіктерін пайдаланумен байытылып отыруы керек, тақырыптық қана дәріс оқылмай, ата-аналардың ынта-ықыласын тудыратындай, тәрбие мәселесін барынша жауапкершілікпен

карауын қалыптастыратындай бірнеше сериялардан тұрғыны жөн. Дәріс тақырыптарын ата-аналардың сұраныстарына қарай таңдап, мәселелерді бір-бірімен байланыстырып, тізбектік сипатта берген дұрыс,

2. Психологиялық кеңестер жеке сипат алуы керек. Нақты мәселе бойынша берілер кеңестер аса биязы, алдындағы адамның жүрегін жараламайтындай, көңіліне қаяу салмайтындай, мәселенің шешілуіне сендіре білдіру, үміт отын жағу арқылы кәсіби білікті түрде жүзеге асырылуы тиіс. Психологиялық кеңестің сенімді райда өтуі оң нәтиже береді.

3 «Ашық әңгіме» пікірталасы – ортақ мақсат біріктірген ата-аналардың көңіліндегі түйіткілерін ортаға салып, бір-бірімен пікір алмасуы. Психолог пән әлеуметтік педагогтың тұжырымын басшылыққа алу нәтижесінде бала өмірін ұйымдастыруда оң нәтижелер берер шараларды қолдануды іскеасырады. Мұнда ескертетін жайт ата-аналардың өздерінің рұқсат-келісімінсіз деректі сыртқа шығаруға, жариялауға болмайды.

4.Психогимнастика - бұл баланың көңіл-күй ахуалын реттеуге арналған арнайы жаттығулар кешені.

Негізгі мақсаты – қарым-қатынас барысындағы кедергілерді жеңу, өзін және басқаларды түсіне білуіне жетілдіру, өзін-өзі таңта білу мүмкіндіктерін жасау.

5. Психотренинг – бұл да қолданбалы психология ғылымының белсенді әдістерінің бірі. Басты мақсаты – қарым-қатынас іскерлігін дамытуға, сезімделтықты жетілдіруге және мінез-құлық реттеуге бағытталған.

Эмоционалды өрістің жай-күйін анықтау.

(Люшер-Лутошкин бойынша түстерді анықтау)

Әрбір адам өз бетінше қандай да бір жағдайды немесе құбылысты басынан кешіреді. Бұл жағдай біреуді қайғыртса, екінші біреулерде немқұрайдылықты тудырады, үшінші біреулер ашу шақыруы мүмкін. Мұндай психологиялық жағдайлар кез-келген адамның басынан өтеді. Егер қайғырған адамға өзінің қайғысын қандай түспен көрсетер едің деген сұрақ қояр болсақ, бірінші адам көгілдір, екінші біреу сұр түспен, үшінші адам тағы да басқа түстермен белгілеуі мүмкін. Әдістеме бойынша түстерге мына төмендегі анықтамалар беріледі:

Қызыл түс. Күшті эмоциялар: махаббат, жек көру, ашу, қорқыныш.

Сәбіз реңді түс. Тынышталу. Ішкі тепе-теңдік.

Сары түс. Тұрақсыз көңіл. Өзінің көңіл-күйін баршаға білдіру сезімі.

Қызықты және күлкілі оқиғаларды еске түсіру.

Жасыл түс. Сағыныш сезімі. Немқұрайлық. Зерігу.

Көгілдір түс. Жеңіл қайғы. Армандау. Аутизм.

Көк түс. Түсініксіз қайғы. Мазасыздану. Тынышсыздану. Ұйқысыз түн.

Күлгін түс. Қатерге бас тігу. Құпиялық. Біреуді алдау сезімі.

Сұр түс. Қызық емес нәрсе. Немқұрайлық.

Қоңыр түс. Жасанды белсенділік.

Қара түс. Қайғылы бір нәрсені еске түсіру, жағдай, қайғылы жағдайды бастан кешіру.

Ашық түстер.

- ашық жасыл: өмір қуанышын сезіну;
- ашық қызыл: қандай да бір жақсылықты күту;
- ашық сары: күтпеген қуаныш;
- сирень түсті: кереметті, ғажайыпты күту.
-

Стоттың БАҚЫЛАУ КАРТАСЫ (КАРТА НАБЛЮДЕНИЙ (КН) Л.Стотта)

Бұл әдістеме баланың мектепке бейімделу үдерісіндегі қиындықтарын диагностикалауға арналған. Ұзақ бақылау нәтижесенді баланың эмоционалды жағдайын көруге мүмкіндік береді. Карта состоит из 198 «отрезков», сгруппированных в 16 синдромов.

- I - адмдарға, жағдайға деген сенімсіздік, сенбеу;
- II - депрессия;
- III - өз-өзіне кету (уход в себя);
- IV - үлкендерге қатысты мазасыздық (тревожность)
- V - үлкендерге қатысты қастық (**враждебность-қастық**)
- VI - балаларға қатысты қастық;
- VII - әлеуметтік қалыптылықтың жеткіліксіздігі;
- VIII - басқа адамдарға қатысты қастық;
- IX - тынымсыздық (неутомность);
- X - эмоционалды шиеленіс (напряжение);
- XI - невротикалық белгілер;
- XII - ортаның жағымсыз жағдайы;
- XIII - ақыл-ой кемшілігі (умственная отсталость);
- XIV - жыныстық даму;
- XV - аурулар және ағзалық бұзылыстар;
- XVI - физикалық кемістік (дефект).

15-дәріс. Әртүрлі жағдайларға тап болған адамдарға әлеуметтік – педагогикалық кеңес берудегі адамгершілік қағидаларының орны.